



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2022 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-179 сауалға

Құрметті депутаттар!

Каспий теңізінің қазақстандық флоты үшін отандық кадрларды даярлауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Сала кадрларын даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарына қатысты 2012 жылы STC-Group голландиялық жетекші теңіз мектебінің оқытушыларын тарта отырып, халықаралық деңгейдегі теңізшілердің даярлауын жүзеге асыратын Қазақстандық теңіз академиясы ашылды.

Академия құрылған сәттен бастап 111 маманды шығарды, олар қазақстандық кеме қатынасы компанияларына жұмысқа орналастырылды. Қазір академияда 94 курсант, оның ішінде 67 адам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.

Теңіз флоты үшін ұлттық кадрларды даярлауға, дипломдарды куәландыруға қатысты

Теңізшілерді даярлау және оларға диплом беру және вахтаны атқару туралы халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – ТДВА) ережелерін және Халықаралық теңіз ұйымының (бұдан әрі – ИМО) стандарттарын имплементациялау жөнінде өткізілген жұмыс негізінде Қазақстан өткен жылдан бастап ИМО-ның Ақ тізіміне енді.

Осыған байланысты қазақстандық жоғары оқу орындарының және теңізшілердің дипломдары бүкіл әлем бойынша танылады және біздің мамандардың халықаралық кемелерде де жұмыс істеу құқықтары бар.

Бұл ретте, Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университеті ағымдағы жылдың соңына дейін ТДВА талаптарына сәйкестігі бойынша куәландырудан өтуді жоспарлауда.

Дайын кадрларды даярлау және жұмыспен қамтуға қатысты

Бүгінгі күні кемелер экипаждарының құрамында 1553 адам жұмыс істейді (бас құрамы – 857 адам), оның ішінде қазақстандық теңізшілердің үлесі – 67 % (1040 адам).

Сонымен қатар, кеме капитандарына 7 жылдан 9 жылға дейін жүзу цензі белгіленген.

Анықтама: «Кеме жүргізуші» мамандығы бар оқу орнының түлегі танкерде немесе құрғақ жүк кемесінде капитан лауазымын алу үшін капитанның вахталық көмегінің 5-6 жыл өтілі және капитанның аға көмегінің 2-3 жыл өтілі болуы тиіс.

«Кеме механигі» мамандығы бар оқу орнының түлегі танкер немесе құрғақ жүк кемесінде аға механик лауазымын алу үшін 5-6 жыл вахта механигінің өтілі және 2-3 жыл 2-ші механик өтілі болуы тиіс.

Бүгінде «Атамекен» ҰҚП, «Kazlogistics» қауымдастығы және кеме қатынасы компанияларымен бірлесіп студенттерді жүзу практикасымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылдан бастап грант мөлшері ҚБТУ (Қазақ-Британ техникалық университеті) үшін 636 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейін, Ш. Есенов атындағы КТИУ (Каспий технология және инжиниринг университеті) үшін 660 мың теңгеге дейін ұлғайтылды.

Қосымша курстардан өту және сертификаттар алу (*теңізде өмірді сақтау, кемедегі өртпен күрес, алғашқы медициналық көмек көрсету және т.б.*) мәселесі бойынша осы қызмет саласы бәсекелес ортаға жататынын және мемлекеттік реттеуге жатпайтынын атап өту қажет.

Бұл ретте, «Ескерткіш Қызмет Қазақстан» теңіз оқу-жаттығу орталығымен курстардан өту құнын төмендету және сараланған тәсілдерді қолдану туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Анықтама: жаттығу бағасы дайындық курсы мен уақытына байланысты 38 мың теңгеден 218 мың теңгеге дейін өзгереді. Бұл сертификаттардың жарамдылық мерзімі 5 жылды құрайды.

Жалпы, көтерілетін мәселелер Үкіметтің бақылауында және осы бағыттағы тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлаймын.

Р. Скляр



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На запрос от 25 мая 2022 года
№ ДС-179

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно подготовки отечественных кадров для казахстанского флота Каспийского моря, сообщаю следующее.

Касательно учебных заведений осуществляющих подготовку кадров отрасли

В 2012 году с привлечением преподавателей ведущей голландской морской школы «STC-Group» открыта Казахстанская морская академия, осуществляющая подготовку моряков международного класса.

С момента создания академии выпущено 111 специалистов, которые трудоустроены в казахстанские судоходные компании. Сейчас в академии обучается 94 курсанта, из них 67 человек обучаются по государственному заказу.

Касательно подготовки национальных кадров, сертификации дипломов для морского флота

На основании проведенной работы по имплементации положений Международной конвенции о подготовке и дипломировании моряков и несении вахты (далее – ПДНВ) и стандартов Международной морской организации (далее – ИМО) Казахстан с прошлого года вошел в Белый список ИМО.

В этой связи дипломы казахстанских ВУЗов и моряков признаются во всем мире и наши специалисты имеют право работать и на международных судах.

При этом, до конца текущего года планируется пройти освидетельствование Каспийского университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова на соответствие требованиям ПДНВ.

Касательно подготовки и занятости готовых кадров

На сегодняшний день в составе экипажей судов работают 1553 человека (командный – 857 чел.), из них доля казахстанских моряков составляет 67% (1040 человек).

Вместе с тем, для капитанов судна установлен плавательный ценз от 7 до

9 лет.

Справочно: выпускник учебного заведения, имеющий специальность «судоводитель», для получения должности капитана на танкере или сухогрузе должен иметь 5-6 лет стажа вахтенного помощника капитана и 2-3 года стажа старшего помощника капитана.

Выпускник учебного заведения, имеющий специальность «судомеханик», для получения должности старшего механика на танкере или сухогрузе должен иметь 5-6 лет стажа вахтенного механика и 2-3 года стажа 2-го механика.

Сегодня совместно с НПП «Атамекен», Ассоциацией «Kazlogistics» и судоходными компаниями ведётся работа по обеспечению студентов плавательной практикой. Начиная с 2020 года увеличен размер гранта с 636 тыс. тенге до 1 млн тенге для КБТУ (Казахстанско-Британского технического университета), до 660 тыс. тенге для КУТИ (Каспийского университета технологии и инжиниринга) им. Ш. Есенова.

По вопросу прохождения дополнительных курсов и получения сертификатов (*выживание на море, борьба с пожаром на судне, оказание первой медицинской помощи и др.*), необходимо отметить, что данная сфера деятельности относится к конкурентной среде и не подлежит государственному регулированию.

При этом с морским учебно-тренажерным центром «Ескерткіш Қызмет Қазақстан», была достигнута договорённость о снижении стоимости прохождения курсов и применения дифференцированных подходов.

Справочно: стоимость тренажерной подготовки в зависимости от курса и времени подготовки варьируется от 38 тыс. тенге до 218 тыс. тенге. Срок действия данных сертификатов составляет 5 лет.

В целом поднимаемые вопросы находятся на контроле Правительства и соответствующая работа в данном направлении проводится.

Р. Скляр